

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мемлекеттік шекараны күзету тұжырымдамасы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 17 қаңтардағы N 2786 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 9 қарашадағы № 169 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.11.09 № 169 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметін нығайту мен дамыту және Қауіпсіздік Кеңесінің шешімін іске асыру мақсатында  
қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мемлекеттік шекараны күзету тұжырымдамасы бекітілсін (қоса беріледі).

**ЕСКЕРТУ. Тақырыбы жаңа редакцияда, кіріспесіндегі сөздер ауыстырылды, 1-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

2 . < \* >  
3 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 2,3-тармақтар алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы

1 7 қ а ң т а р д а ғ ы

N 2 7 8 6

Ж а р л ы ғ ы м е н

Бекітілген

**Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерін құру мен дамыту, мемлекеттік шекараны қалыптастыру және абаттандыру**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ЕСКЕРТУ. Бағдарламаның күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1996

жылғы

17

қаңтардағы

№

2786

Жарлығымен

Бекітілген

**ЕСКЕРТУ.** Тұжырымдаманың барлық мәтіні бойынша сөздер ауыстырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. № 282 жарлығымен.

## **Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мемлекеттік шекараны күзету ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Бұл Тұжырымдама Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету принциптеріне сәйкес Шекара қызметінің іс-қимыл негізін және құрылысын а й қ ы н д а й д ы .

Осы Тұжырымдаманы әзірлеп, енгізудегі басты міндеттер: Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің іс-қимылын Қазақстан Республикасы Конституциясымен, мемлекеттің қауіпсіздігі және қорғанысы жөніндегі саясатымен сәйкестендіру; мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарға мемлекеттік шекарада көршілес елдермен өзара қарым-қатынас орнатып, сенімділік ахуалын дамыту және қолдау, шекара арқылы сауда-экономикалық, мәдени және өзге де байланыстарды кеңейту; Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың шекара режимі жағдайларында өз заңдары алдындағы үстемдігін қамтамасыз ету.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы", "Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы", "Қазақстан Республикасының Қорғанысы және Қарулы Күштері туралы", "Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы", "Әскери қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің жағдайы мен әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңдарының, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан былай - Достастық) қатысушы - мемлекеттер басшыларының Кеңесі мен Үкіметі басшылары Кеңесінде қабылданған шекара мәселелері жөніндегі құжаттардың негізінде жасалды.

### **1. Жалпы ережелер**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету құрлықта, теңізде, өзенде және өзге суларда Шекара қызметімен жүзеге асырылады және Қазақстанның мемлекеттік мүдделерін, оның егемендігін, тәуелсіздігін, аумақтық

тұтастығын қорғау мен күзету мақсатында жүргізілетін саяси, құқықтық, әскери, экономикалық, режимдік, оперативтік, ақпараттық және өзге шаралардың жүйесі  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

**ЕСКЕРТУ. 1-бөлім өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің  
1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

1.1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауға, құрылықта, теңізде, өзендерде, көлдерде және өзге де су айдындарында оның егемендігі мен аумақтық тұтастығына, сондай-ақ мемлекеттік шекарада экономикалық мүдделеріне қол сұғудың алдын алу мен жолын кесуге арналған  
а р н а у л ы қ ы з м е т .

**ЕСКЕРТУ. 1.1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің  
1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

1.2. Шекара қызметі өз қызметінде, Қазақстан Республикасының Конституциясын және заң актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, халықаралық шарттарды, сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитетінің нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

**ЕСКЕРТУ. 1.2-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің  
1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

1.3. Шекара қызметі мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі өзінің іс-қимылын министрліктердің өзге орталық және жергілікті атқарушы органдардың және басқа да ұйымдардың күші мен қаржысын Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуге еркін түрде тарта отырып,  
б і р л е с е жү р г і з е д і .

1.4. Шекара қызметі мен Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге органдардың мемлекеттік шекараны қорғау аясындағы іс-қимылын үйлестіруді Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

**ЕСКЕРТУ. 1.4-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің  
1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

1.5. Шекара қызметінің мен жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ұжымдық қауіпсіздігінің жалпы жүйесінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің және өзге мемлекеттер Шекара қызметінің (шекара күзетінің) өзара мүдделерін келісудің тетігі мен іс жосығы жасалып, жүзеге асырылады.

1.6. Мемлекеттік шекараны күзету жүйесі мен Шекара қызметін құру қисынды жеткіліктілік принципі негізінде және тұтас мемлекетте, оның

жекелеген аймақтарында орын алып отырған жағдайларды, сондай-ақ оның даму барысын ескере отырып жүзеге асырылады.

## **2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы**

2.1. Мемлекеттік шекара Қазақстан Республикасы Парламентінде бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының бұрынғы КСРО-ның құқықтық мұрагерлігі туралы жарияланғандығын ескере отырып Қазақстан халықаралық шарттармен, оның сыртында КСРО-ның бұрынғы республикалары - Қазақстан мен өзге де мемлекеттердің әкімшілік-аумақтық шектеулері туралы актілерімен бекітілген өзінің мемлекеттік шекарасының өту шегін растайды.

2.2. Шекара қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының келісімді шегін белгілеу жөніндегі келіссөздерді ұйымдастыру мен жүргізуге ықпал етеді және тиісті комиссиялардың жұмысына қатысады.

## **3. Шекара қызметі қызметінің негізгі бағыттары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетудің басымдықтары, нысандары мен әдістері**

Қазақстан Республикасының Шекара қызметі қызметінің негізгі бағыттары м ы н а л а р :

### **3.1. С а я с и с а л а д а :**

мемлекеттік шекараның мызғымастығын, мемлекеттің аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету;

мемлекеттік шекарада және одан өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасы мен басқа да Достастыққа қатысушы мемлекеттерге қарсы бағытталған шетелдік арнаулы қызметтердің барлау-арандату әрекеттерімен, оның барлық нысандағы көріністерімен күресу;

мемлекеттің іргелес жатқан елдермен іскерлік, тату көршілік қарым-қатынасын дамытуына көмектесу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында және шекара маңындағы аудандарында және адамның халықтар арасындағы достықты нығайтуға, азаматтың заңды құқықтары мен бостандығын қорғауға көмектесу;

мемлекеттік шекарада Достастыққа қатысушы мемлекеттердің мүдделеріне орай тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

### **3.2. Э к о н о м и к а л ы қ с а л а д а :**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғау;

мемлекеттік шекарада кеден органдарының қызметіне көмектесу;

мемлекеттік шекарадан өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының шетелдермен экономикалық байланыстарына көмектесу;

Достастыққа қатысушы мемлекеттердің бірыңғай экономикалық және кедендік кеңістігін қалыптастыруға қажетті жағдай жасау;

### 3.3. Әскери салада :

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету және қорғау; мемлекеттік шекараның белгіленген режимін және өткізу пункттерінің р е ж и м і н қ о л д а у .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында қауіпсіздік пен қорғаныс міндеттерін шешуге қатысу.

### 3.4. Құқықтық және әлеуметтік салаларда:

мемлекеттік шекарада әскерлердің қызметтік-жауынгерлік іс-қимылдарын құқықтық жағынан қамтамасыз етуге, әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің, азаматтық құрамның әлеуметтік қорғалуына, мемлекеттің экономикалық және экологиялық қауіпсіздігі, режим шараларына қатысу;

Үкіметтің қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік қорғалуы жөніндегі нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге қатысу;

жасалған шарттарға (келісімдерге) сәйкес Достастыққа мүше мемлекеттердің шекараларын күзетуге қатысушы Қазақстан Республикасы Шекара қызметі әскери қызметкерлерін, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін құқықтық және әлеуметтік қорғау жүйесін дамыту.

### 3.5. Режим саласында :

ішкі істер органдарына төлқұжаттық-шекаралық режимді сақтауға көмектесу;

### 3.6. Экологиялық салада :

мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдарға Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аудандарында, ішкі және аймақтың суларында табиғатты қорғау, эпидемияға, эпизоотикаға қарсы шараларын жүргізу кезінде көмектесу.

3.7. Шекара қызметі іс-қимылының негізгі бағыттары олардың қызметтік-жауынгерлік, оперативтік, құқықтық экономикалық, әлеуметтік қызметін атқару процесінде жүзеге асырылады.

## **Мемлекеттік шекараны күзетудің басымдықтары, нысандары мен әдістері**

3.8. Шекара қызметі мемлекеттік шекарадағы өз қызметін Қазақстан Республикасы мен іргелес мемлекеттер арасындағы нақты қалыптасқан қарым-қатынастың сипатына қарай жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттік

шекараны құрлықта, теңіз (көл) және өзен учаскелерінде күзету мәселелерін шешуге - оперативті және басқа да бағыттарда әскери және өзге күштер мен құралдарды орналастыру мен пайдаланудың оңтайлы түрлері анықталатын күзеттің күшейтілген (қатаң) түрлерінен бастап жекелеген учаскелерді мерзімді бақылауға алуға дейінгі нақтылы тұрғыдан келу қамтамасыз етіледі.

3.9. Қазақстан Республикасы мен оның мемлекеттік шекарасында демократиялық жаңарудың одан әрі тереңдетуі, жекелеген учаскелерде әскери күштер мен құралдарды қолдану аясының тарылуы, инженерлік шептердің алынуы мен көшірілуі, мемлекеттік шекара арқылы өтетін адамдардың, көлік құралдары мен жүктер ағынының елеулі түрде көбеюі жағдайында Шекара қызметінің халықаралық қатынас жолдарындағы қызметінің тиімділігін арттыру, шекараны оперативті күзетудің рөлін күшейтуге, шекаралық қызметтегі тексеріп-ізвестірудің нысандары мен әдістерін енгізуге, сондай-ақ шекаралық аймақта азаматтар мен ұйымдардың шаруашылық жұмыстарын дамытуға жағдай туғызуға б а с а к өң і л б ө л і н е д і .

3.10. Мемлекеттік шекара арқылы құқыққа қарсы іс-әрекеттің жасырын нысандарын жүргізу қауіпінің сақталып отыруын, сондай-ақ жекелеген бағыттарда мемлекеттік шекараны күзетудің әскери, техникалық және режимдік әдістерін қолдану аясының қысқаруын ескере отырып оперативтік әдістердің рөлі арттырылсын. Бұл жағдайда оперативті органдардың негізгі күшін Шекара қызметінің күші мен құралдарын үнемді әрі тиімді пайдалану мақсатында ақпарат жинауға, шекараны оперативтік күзетуде - шетелдік арнайы қызметтер мен ұйымдардың барлау-арандату тіміскісіне, қылмыстық топтардың құқық бұзушылық әрекеттеріне қарсы күреске жұмылдырылсын.

Қазақстан Республикасының "Жедел іздестіру қызметі туралы" Заңына сәйкес Шекара қызметінің оперативті органдарының оңтайлы жұмыс істеуі, олардың мемлекеттік шекараны күзету мүддесінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жергілікті органдарымен тиімді түрде бірлесіп жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін.

Оперативті қызмет заңды, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығын қатаң түрде сақтай отырып жүргізілсін.

**ЕСКЕРТУ. 3.10-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

3.11. Шекара қызметінің қызметі оған жүктелген міндеттерді орындауда, ең алдымен жергілікті тұрғындардың, мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдардың көмегіне сүйенуге бағытталсын.

Шекара қызметінің бөлімдері мен бөлімшелерінде жергілікті тұрғындармен етене жұмыс істейтін офицерлер мен прапорщиктердің тікелей лауазымдарын құру жөніндегі жұмыс жалғастырылсын, шекара аймағындағы аудандарда тұрғындарды шекара күзетіне тарту жұмыстарын жүргізетін учаскелік өкілетті

уәкілдер институтын құру қарастырылсын.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары арқылы Шекара қызметінің штаттан тыс қызметкерлері мен ерікті жасақтардың мүшелері үшін артықшылықтар мен жеңілдіктер жүйесінің жасалып, жұмыс істеуінің мәселелерін шешу, шекара аймағындағы тұрғындардың өндірістік-шаруашылық және өзге қызметі үшін барынша қолайлы жағдай туғызу.

3.12. Шекара арқылы өтетін адамдардың, көлік пен жүктердің құжаттарының шекарадан өту құқығын автоматтандырылған тексерудің негізінде шекаралық бақылаудың бірегей компьютерлік жүйесін жасау жөніндегі шараларды жасап жүзеге асыру және мәліметтердің ақпараттық банкіні жасау. Тиісті ұйымдармен бірлесе отырып Шекара қызметін төлқұжатты тексеру аппаратурасымен, жабық көлемдерде адамды танып білу құралдарымен, сондай-ақ шекара арқылы өткізу пункттерінде режимді қамтамасыз етудің техникалық құралдарымен жабдықтау қ а р а с т ы р ы л с ы н .

3.13. Шекара қызметінің шекараны күзету жөніндегі қызметінің нәтижелері, ең бастысы, режимді сақтау дәрежесін, шетелдік арнайы қызметтердің Қазақстан Республикасына қарсы бағытталған қастандық әрекеттерімен күрестің тиімділігіне, сондай-ақ азаматтардың шекараны заңсыз кесіп өтуіне өз бетінше не кеден қызметімен бірлесе отырып, елге жасырын түрде радиоактивті, улағыш, есірткі, жарылғыш заттарды, диверсия құралдарын, қару әкелуіне немесе әкетуіне тосқауыл қоюдың сенімділігіне қарап бағалансын.

3.14. Мемлекеттік шекарадағы заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуын тиімді түрде қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара және Шекара қызметі туралы заңдарын жетілдіруге, сондай-ақ мемлекеттік шекарадағы құқық бұзушылық үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік туралы заң актілерін дайындауға қатысу.

Шекаралық мәселелері жөніндегі қол қойылған шарттар мен келісімдерге сәйкес ТМД-ға қатысушы-мемлекеттердің және өзге іргелес мемлекеттердің шекара әскерлерімен байланыстарды нығайтып одан әрі дамытуға бағыт ұ с т а л с ы н .

3.15. Мемлекеттік шекараның теңіздегі және жағалаудағы учаскелерінде теңіздегі, құрлықтағы және авиациялық күштер мен құралдарды кешенді түрде қолдануға, министрліктердің, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдардың бақылау жүйелерінің дамытылуын ескере отырып Каспий теңізінің қазақстандық учаскесі акваториясында бақылаудың оңтайлы жүйесін жасауға к і р і с у .

Қазақстан Республикасының кеме жасау Бағдарламасын орындау жөніндегі нақты шаралар жүзеге асырылсын. Теңіз бөлімдерін жасақтау кезінде кемелердің (катерлердің) ескірген жобаларынан бас тартылсын.

## **4. Қазақстан Республикасының Шекара қызметін құру**

### **Негізгі принциптер**

4.1. Шекара қызметін құру сапалық параметрлерге, ең алдымен шекаралық отрядтарды техникалық жағынан жабдықтауға табандылықпен қайта бағдарлансын. Иргелі, іздестіру және қолданбалы ғылыми-техникалық, әскери-техникалық зерделеу жүргізудің және кеңінен қолданудың негізінде Шекара қызметінің өзіне жүктелген міндеттерді шешудің принципті соны мүмкіндігіне көшуі қамтамасыз етілсін. Ғылыми болжам жасаудың рөлі және Шекара қызметін басқаруды, техникалық жабдықтау мен құрылымын жетілдіру жөніндегі перспективалы шешімдерді қабылдау кезінде оны пайдалану елеулі т ү р д е а р т т ы р ы л с ы н .

**ЕСКЕРТУ. 4.1-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

### **Ғылыми-техникалық саясат**

4.2. Шекараны күзетуді ең жоғары тиімділікпен жүргізуге қажетті техника алу көлемін Шекара қызметінің қызметтік-жауынгерлік іс-қимылдарының тиісті бағытының басымдылықтарын, сонымен қатар шекаралық қызметтің, оның ішінде өзге де Достастыққа қатысушы - мемлекеттердің өзіндік жағдайларын толық есепке алып, қару-жарақ пен әскери техниканы пайдалануға көшірудің қажеттілігін ескере отырып Шекара қызметін қаруландырудың бағдарламасы ж а с а л ы п , жү з е г е а с ы р ы л с ы н .

**ЕСКЕРТУ. 4.2-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

4.3. Шекара күзетінің үздіксіз (тұтас) инженерлік-техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталған белгі беру-тосқауыл жүйелерінен жекелеген учаскелерді ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін пайдалануға негізделген , ұсақ және орта жануарлардың әсерін қабылдамайтын, ал болашақта шекара бұзушыны ғана тани білетін, жасырын орналастырылған кешендермен жабуға көшу жүзеге асырылсын. Нысаналарды шекараның құрлықтағы және теңіздегі учаскелерінде түнгі жағдайларда дәл тануды қамтамасыз ететін радиолокациялық, жылудидарлық аппараттарды, теледидарлық, оптикалық, оның ішінде электронды-оптикалық жабдықтарды жасау - шекара бұзушыларды танып-білу құралдарын әзірлеудегі басым бағыт болып есептелсін.

4.4. Шекара қызметінің Орталық аппаратынан бастап бірлестіктерге дейін құрамаға, бөлімге, бөлімшеге мемлекеттік шекараны күзетуді әскери-техникалық жағынан қамтамасыз ету жүйесі жасалып, іс жүзіне асырылсын. Қару-жарақты,



әскери және арнаулы техниканы әзірлеу, жеткізу, олармен Шекара қызметін қаруландырудың бүкіл жүйесін көбінесе конкурстық негізде, қару-жарақ пен техникалардың жаңа үлгілері мен түрлерін шекаралық қызметке пайдалануға жарамдылығы жағынан жан-жақты талдауға сүйене отырып алу жүзеге асырылсын.

**ЕСКЕРТУ. 4.4-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

## **Шекара қызметінің ұйымдық құрылымын дамыту**

4.5. Шекара қызметінің ұйымдық құрылымын дамыту оның арнайы міндетіне жауап беруге тиіс.

Шекаралық құрамаларды, бөлімдерді және бөлімшелерді күзетілетін учаскенің маңыздылығы мен оралымдылығын, географиялық және климаттық жағдайларын, ұйымдық құрылымының күрделілігін, техника мен қару-жарақтың құрамын, басқа да факторларды есепке ала отырып, категориялық жіктеуге кезең-кезеңмен көшірудің өлшемі жасалып, жүзеге асырылсын.

4.6. Мемлекеттік шекараны күзетудің комендатуралық буынын шекаралық заставааларды басқаруда нақты күрделілік туындаған тұстарда ғана қалдырып (құрып), қайта ұйымдастыру (сапалық және сандық тұрғыдан) жүзеге асырылсын. Белсенді оперативті жағдайдың және жергілікті тұрғындардың өндірістік-шаруашылық жұмыстарының бағдарында шекараға жақын тұстардағы жергілікті тұрғындардың қатысуымен жағдайдың өзгеруіне тиімді түрде араласып, міндеттерді табысты түрде шешуге мүмкіндігі бар оперативті бағыттағы шекара комендатураларын құруға бағыт ұсталсын.

4 . 7 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 4.7-тармақ алып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

4.8. Қазақстан Республикасының Каспий теңізіндегі экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету жүйесі осы аймақта жаңадан халықаралық құқық субъектілерінің пайда болуын ескере отырып ұйымдастырылсын. Осы мақсатта бұл бағыттарда Шекара қызметінің бөлімдері мен бөлімшелерін орналастыру жүзеге асырылсын.

4.9. Халықаралық қатынас жолдарында шекаралық бақылау жүйелерін дамыту мен одан әрі жетілдіру қамтамасыз етілсін.

Достастыққа енбейтін мемлекеттердің азаматтары Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз түрде кіріп не одан тыс шығып кетпеуі үшін Қазақстан Республикасының ішкі шекаралары арқылы жүк-жолаушы ағыны үздіксіз өтетін бағыттарда шекаралық бақылау ұйымдастырылсын.

Жаңадан ашылып жатқан шекарадан өткізу пункттерінде қосымша жекелеген бақылау-өткізу пункттері (ЖБӨП) немесе бақылау-өткізу пункттері (БӨП) қойылсын, болашақта олардың мәртебесі көтеріліп, бірінші, екінші және үшінші санаттағы шекаралық бақылау отрядтары болып қайта ұйымдастырылсын. Мемлекеттік шекарадан оңайлатылып үздіксіз түрде өткізудің мүмкін бағыттарында шекара күзету жөніндегі кешенді міндеттерді атқара алатын застава-лар - БӨП құру бағдары жүргізілсін.

4 . 1 0 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 4.10-тармақ алып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

### **Шекара қызметін басқаруды ұйымдастыру және жетілдіру**

4.11. Шекара қызметін басқару жүйесін қайта ұйымдастыруды жүзеге асырып, қызметтік-жауынгерлік іс-шараларды, шаруашылық-тұрмыстық міндеттер мен кадрлармен жұмыс мәселелерін шешудегі барлық басқару құрылымдарының қызметін Шекара қызметінің мәртебесіне, қатаң түрде сәйкес келтірілсін.

4 . 1 2 .

**ЕСКЕРТУ. 4.12-тармақ алып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

4.13. Шекара қызметінің қызметтік-жауынгерлік іс-қимылы, ең алдымен мемлекеттік шекарада мемлекеттің, қоғамның және адамның өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғаудың тиімділігіне, сондай-ақ мемлекеттік шекараны күзету, құрамалардың, бөлімдер мен бөлімшелердің күштері мен құралдарының, өздеріне жүктелген міндеттерді шешуге әзірлігі деңгейіне қарай бағалансын.

4.14. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" және "Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы" Заңдарына сүйене отырып нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге және жасауға, шекара құрамаларының, бөлімдерінің және бөлімшелерінің қызметтік-жауынгерлік іс-қимылын солардың талаптарына толық сәйкес келетін оңтайлы шешімдерін жүзеге асыру көзделсін.

4.15. Шекара қызметінің байланыс жүйесі негізін стационарлық желілер құрайтын, құрамаға (бөлімге) дейін құпияландырылған байланыстың барлық түрін қамтамасыз ететін бірегей ұйымдық-техникалық жүйе ретінде құрылсын. Далалық желілердің дамытылуы басқару жөніндегі міндеттерді шешуді бейбіт те, төтенше де жағдайларда қамтамасыз етуге тиіс.

Стационарлық және далалық желілердің бір-бірімен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанындағы Үкіметтік байланыс агенттігінің,

Қорғаныс министрлігінің байланыс жүйесімен, елдің мемлекеттік байланыс желісімен толық үйлесімдікте болуы қамтамасыз етілсін.

**ЕСКЕРТУ. 4.15-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

4.16. Шекара қызметін басқару органдарына автоматтандыру құралдарын енгізудің негізгі бағыты - автоматтандырылған жүйені енгізу. Шекара қызметін басқарудың оперативті буынын (Шекара қызметінің Орталық аппараты - шекара отрядтары, шекаралық бақылау жасақтарын басқармасы, бақылау-өткізу пункті, жауынгерлік қамтамасыз ету және қызмет көрсету бөлімдері) ақпараттық қамтамасыз етудің (АҚЕ) автоматтандырылған жүйені жасаудың, сондай-ақ жеке электронды-есептеу машиналарын, соның ішінде тактикалық деңгейде пайдалану практикасын одан әрі дамытудың бірінші кезеңі - тұйықталған желілер. Құрамалар мен бөлімдердің басқару органдары бұл кезеңде олардың АҚЕ-мен ақпараттық және бағдарламалық үйлесімін қамтамасыз ететін автоматтандырудың жеке сериялық құралдарымен жабдықталады.

Екінші кезеңде Шекара қызметіне автоматтандыру құралдарын енгізу жұмыстары жүзеге асырылып, Шекара қызметін басқарудың барлық негізгі органдарын қамтитын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (БАЗ) жасалсын.

Шекара қызметін басқарудың автоматтандырылған жүйесі құрамына стационарлық есептеу орталықтарымен бірге басқарудың тактикалық буынында жылжымалы орталықтарын да ала отырып Шекара қызметінің күштері мен құралдарын бейбіт және төтенше жағдайларда басқаруды қамтамасыз етуге тиіс.

**ЕСКЕРТУ. 4.16-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

## **Шекара қызметін жинақтау**

4.17. Білім деңгейіне және бейініне қарай офицерлік құрамға деген болашақ сұранымын анықтап, әскери кадрлардың саны Шекара қызметінің жаңа міндеттеріне сәйкес келтірілсін.

Офицерлерді дайындау мен қайта дайындау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтында жүргізілсін.

Шекара қызметіне офицерлерді, прапорщиктерді және мичмандарды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің оқу орындарын, азаматтық жоғары және орта арнаулы оқу орындарын, сондай-ақ Достастыққа қатысушы-мемлекеттердің әскери оқу орындарын бітірушілер есебінен шарттың негізінде жинақтаудың т е т і г і ә з і р л е н с і н .

**ЕСКЕРТУ. 4.17-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

4.18. Әскери оқу орындарына оқуға түсуге үміткерлерді кәсіпқойлықпен іріктеуге басшылықты одан әрі жетілдіру қарастырылсын.

Өмірде бар қоғамдық институттарды (офицер жиналыстары, тұрақты жұмыс істейтін аттестациялық комиссиялар және т.б.) кеңінен пайдалана отырып офицер кадрларын іріктеу мен орналастырудың қолданылып жүрген жүйесіне қажетті өзгертулер енгізілсін.

4.19. Шекара қызметін жинақтауда азаматтарды жалпыға бірдей әскери міндеттілік негізінде және шарттық негізде әскери қызметке шақыру арқылы солдаттар, матростар, сержанттар және старшиналар лауазымдарын атқаруда араластық принциптеріне біртіндеп көшу жүзеге асырылсын.

Кейіннен, экономикалық және әлеуметтік алғышарттар жасалғанда кәсіптік шекара күзетіне көшірудің жолы іздестірілсін.

4.20. Әскерге шақыру жұмыстарында Шекара қызметінде қызмет жасауға шақырушыларды іріктеудің сапасын жақсартуға күш салынсын.

## **Шекара қызметін дайындау**

4.21. Шекара қызметті дайындауда негізгі күш әскери қызметшілердің барлық санаттарымен қатар бөлімшелердің, бөлімдердің және құрамалардың шекаралық, арнайы, құқықтық, техникалық әзірліктерін арттыруға жұмылдырылсын.

**ЕСКЕРТУ. 4.21-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

4.22. Офицерлік кадрларды шеберліктерін арттыру мен дайындаудың бүкіл жүйесі олардың үздіксіз білім алуының тұтас жүйесін жасау қазіргі заман талаптарына сай етіп қайта құрылсын.

Шекара қызметіне қажетті негізгі мамандықтар бойынша маман прапорщиктерді (мичмандарды), сержанттарды және солдаттарды дайындау Шекара қызметінің оқу орталықтары мен жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылып жатқан кіші мамандар мектептерінде жүргізілсін, ал құрылықтағы бөлімдерге, теңіз, авиация, инженерлік-құрылыс бөлімдеріне қажетті аз санды, мамандықтарға әскери қызметкерлер Қазақстан Республикасының азаматтық оқу орындарында және Достастыққа қатысушы-мемлекеттердің тиісті Шекара қызметінің әскери оқу орындарында керекті мамандық алған адамдарды әскери қызметке шақыру арқылы, өтемақы төлеу негізінде, шарттық негіз бойынша дайындалсын. Прапорщиктердің (мичмандардың) кәсіптік құзыреттілігін арттыру мақсатында олардың арнаулы курстарда жоспарлы түрде қайта даярлануы және қосымша даярлануы ұйымдастырылсын.

Оқу құрылымдарын бітіруші әскери қызметкерлерді оқытып-үйретуді жетілдіру олардың одан арғы қызмет атқаратын орындарында жалғастырылсын.

**ЕСКЕРТУ. 4.22-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

### **Жеке құрамды тәрбиелеу жұмысы.**

#### **Шекара қызметінің әскери қызметкерлерін құқықтық қорғау**

4.23. Шекара қызметінің бұған дейін құрылған тәрбие құрылымдарының ұйымдастыру, тәрбие, патриоттық, интернационалдық және кадр жөніндегі қызметінің бүткіл жүйесін қайта құру жүзеге асырылсын.

Әскери басқару органдарының құрамдас бөлігі ретіндегі тәрбие органдарының жұмысында басты назар:

жеке құрамды тәрбиелеуге, әскери тәртіпті нығайту жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, әскери қызметкерлер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, көп ұлтты әскери ұжымдардың бірлігін арттыруға;

Шекара қызметінің қызметтік-жауынгерлік міндеттерін шешуге жаңа көзқарастар қалыптастыруға тәрбиелік ықпал етуге;

кеңінен ауқымды социологиялық зерттеулердің негізінде, әскерлердің жоғары жауынгерлік әзірлігін және шекара қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету жөнінде шараларды әзірлеп, өмірге енгізуге;

әскери қызметкерлердің күнделікті жұмыс пен демалыс мәселелеріне байланысты құқықтарын тиімді түрде қамтамасыз ету шараларының жүйесін Шекара қызметінің күнделікті өміріне енгізуге;

әскери қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің, Шекара қызметіндегі жұмысшылар мен қызметшілердің құқықтық қорғалуына көмектесуге;

жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарымен тиімді түрде өзара бірлесіп жұмыс істеуін ұйымдастыруға аударылсын.

**ЕСКЕРТУ. 4.23-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

### **5. Шекара қызметінің әлеуметтік аясын дамыту**

5.1. Барлық деңгейдегі басқару органдарының және әскери кадрлар қызметінде әлеуметтік мәселелерді шешуге, Шекара қызметі жеке құрамның, ең алдымен тікелей мемлекеттік шекараны күзететін бөлімшелерде, өмір сүру деңгейін көтеруге басты назар аударылсын.

5.2. Әскери қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер жүйесін жетілдіруге

бағытталған шаралар Қазақстан Республикасының "Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңына сәйкес сондай-ақ шекараны күзетудің әр түрлі учаскелеріндегі физикалық-географиялық және климаттық жағдайларды ескере отырып жүзеге асырылсын.

5.3. Конкурстық негізде Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің шекаралық әскери ерлік белгілері және басқа да рәміздері (жалаулар, вымпелдер, киім нысандары, эмблемалар, погондар, шеврондар т.с.с.), олардың мәртебесі мен қолдану тетігі әзірленсін.

5.4. Шаруашылық қатынастардың мүлдем жаңа экономикалық тетігі жағдайларында Шекара қызметін тылдық, қаржылық және техникалық жабдықтау жүйесі одан әрі даму міндеттеріне сәйкестендірілсін.

5.5. Күрделі құрылыс Шекара қызметін ұстауға республикалық бюджеттен бөлінген қаржының, инвестицияның, мемлекеттік және кооперативтік ұйымдардың күштерін тартудың, өзінің құрылыс базасын қайта жабдықтау мен кеңейтудің, дербестікті көтерудің және құрылысты басқару органдары мен құрылымдарын жетілдірудің есебінен жүргізілсін.

Мемлекеттік шекараның жаңа шептерін құруда Шекара қызметінің жеке құрамын қоныстандыру негізінен қазіргі заманға лайық үйлер салуға, әскери қызметкерлердің отбасы мүшелерін жұмысқа орналастыруға, балаларды оқыту мен тәрбиелеуге жағдайлар бар, шекараға жақын орналасқан елді мекендерде жүргізілсін.

5.6. Шекара қызметін медициналық қамтамасыз етудің деңгейін көтеруде мамандандырылған дәрігерлік көмектің көлемі ұлғайтылсын. Әскери қызметкерлердің отбасы мүшелері үшін гинекологиялық және педиатриялық көмек жүйесі құрылсын. Дәрігерлік пункттердің, госпитальдың, санитарлық-эпидемиологиялық мекемелердің, медициналық қызметтің барлық буындарының ұйымдық-штаттық құрылымының мүмкіндіктері нормативтерге және шешілетін міндеттерге сәйкестендірілсін. Медициналық мекемелердің емдеу-диагностикалық және аурудың алдын алу шараларын сапалы жүргізуіне керекті қазіргі заманғы материалдық-техникалық құралдарға деген мұқтажы қанағаттандырылсын.

Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің емдеу-профилактикалық мекемелерін (санаторий, демалыс үйі) құру жөніндегі ұсыныс әзірленіп, Үкіметке енгізілсін.

## **6. Шекара қызметін ресурстық жабдықтау**

6.1. Шекара қызметін ұстаудың негізгі көзі белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік бюджеттен бөлінетін ақша қаражаты, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдардың ерікті түрдегі жарналары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер, материалдық-техникалық қорлары болып табылады.

Шарт және өзара есеп айырысу негізінде Шекара күзетуге қажетті техникалық құралдарды, техника мен қару-жарақты, басқа да материалдық құралдарды Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінен, Ішкі істер министрлігінен, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен алу ұйымдастырылсын.

Шекара қызметін адам күшімен қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі заңға сәйкес әскерге шақырушылар қатарынан жүргізеді.

Шекара қызметін ресурстармен қамтамасыз ету орталықтандырылған тәртіпте және жергілікті жерлерде мемлекеттік және келісімді бағамен сатып алу арқылы жүзеге асырылсын.

## **7. Мемлекеттік шекараны күзету тұжырымдамасын жүзеге асыру**

Тұжырымдама мемлекеттік шекараны қалыптастыру мен жайластыру және Қазақстан Республикасының Шекара қызметін дамыту Бағдарламасы арқылы, оның барлық ережелерін Шекара қызметінің қызметіне енгізуді қамтамасыз ететін нақты перспективалы және ағымдық жоспарларға байланысты жүзеге асырылады.

Жоспарлар мен бағдарламалар мазмұндарына, мерзімдеріне, ресурстары мен орындаушыларына байланысты өзара байланыстырылады, олардың мемлекеттік шекарадағы жағдайдың даму барысына қарай нақтыланып отыруы мүмкін. Министрліктердің, өзге орталық және жергілікті атқару органдары мен басқа ұйымдар басшыларының келісімдерін керек ететін мәселелер Қазақстан Республикасының Үкіметі және тиісті мемлекеттік өкімет пен басқару органдары арқылы шешіледі.

Тұжырымдаманы жүзеге асырудың Қазақстан Республикасы мен өзге мемлекеттердің бірлескен іс-қимылын қажет ететін мәселелерін шешу көпжақты және екіжақты шарттар мен келісімдер арқылы жүргізіледі.

Жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу және оларды өмірге енгізу жөніндегі жауапкершілік Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жүктеледі.

**ЕСКЕРТУ. 7-бөлім өзгертілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.10. N 282 жарлығымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК